За политехнические знания

SAGINOV TECHNICAL UNIVERSITY

№2(1648)
28 ақпан
2026 ж.

ҚарТУ газеті 1958 жылдан бастап ай сайын шығады

www.kstu.kz

Saginov Technical University халықаралық байланыстарды нығайтуда

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма төрағасы — Ректоры Сауле Сагинтаева Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік сапары аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің басшылығымен делегация құрамында Пәкістанда болды.

Кездесулер аясында маңызды шаралардың бірі — Қарағанды техникалық университеті мен Bahria University арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Bahria University инженерия, информатика, менеджмент, жер және қоршаған орта туралы ғылымдар тағы да басқа зерттеулерін қамтитын пәнаралық бағдарламаларды ұсынады. Университет Ұлыбританияның Достастық университеттері қауымдастығының мүшесі болып табылады.

«Аталған келісім Saginov Technical University-нің халықаралық позицияларын нығайтудағы маңызды қадам деуге болады және университеттің жаһандық білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялануға бағытталған стратегиялық бағытын айқындайды.

Bahria University-мен ынтымақтастық ғылымды, білім беруді және инновациялық қызметті дамытуға қосымша мүмкіндіктер ашып, студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық әлеуетін арттыруға ықпал етеді», — деп атап өтті ректор Сауле Сагинтаева.

Сапар аясында сонымен қатар, ҚарТУ филиалын Пәкістандағы университеттерінің бірінің базасында ашу мәселесі талқыланды. Бұл қадам екі ел арасындағы білім беру және ғылыми байланыстарды тереңдетуге, сондай-ақ инженерлік және техникалық ғылымдар, жасанды интеллект, ғылыми кадрлар даярлау және біліктілікті арттыру салаларында ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ

Лучший преподаватель вуза – 2025!
Интервью с обладателями почетного звания
Стр. 6-7.

Увеличение срока службы металлических изделий
Уникальная разработка творческого коллектива ученых КарТУ
Стр. 8.



Сертификат IPMA C. MBA
Встреча с экспертом-консультантом Союза проектных менеджеров РК Юрием Тютиковым
Стр. 11.

Для научно-образовательных целей!
Малую биогазовую установку запустили в КарТУ
Стр. 15.

Алматыда ғылым мен жоғары білім саласының үздік өкілдері марапатталды

13 ақпанда Алматы қаласындағы Ғылым ордасы ғимаратында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» және «Жоғары оқу орнының үздік ғылыми қызметкері — 2025» республикалық конкурстарының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

«Үздік ғылыми қызметкер — 2025» сыйлығы 50 ғалымға табысталды. Ал «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы 150 оқытушыға берілді. Конкурс барысында электрондық білім беру ресурстарын және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу мен жариялау, отандық және халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланымдар, патенттер және өзге де ғылыми нәтижелер бағаланды. Оқыту сапасы мен кадр даярлау ісіне қосқан үлеске ерекше назар аударылды.

Нәтижесінде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 13 оқытушысы байқау жеңімпаздары қатарынан көрінді. Бұл — ҚарТУ профессор-оқытушылар құрамының жоғары кәсібилігі мен біліктілігінің айқын дәлелі. Ерекше атап өтерлігі, Қарағанды облысынан іріктелген 20 жеңімпаздың 13-і біздің университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы өкілдері болуы — университет абыройын асқақтатқан зор жетістік.

Біздің жеңімпаздар:

Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан астам:

- Жаркевич Ольга Михайловна — «Технологиялық жабдықтар, машина жасау және стандарттау» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.
- Саттарова Гульмира Сапаровна — «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ph D.
- Исабек Тұяқ Көпейұлы — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.
- Мадишева Рима Көпбосынқызы — «Геология және пайдалы қазба кен орындарын барлау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ph D.
- Сулеев Бахтияр Данияров — Ғылым және инновациялар департаментінің директоры, қауымдастырылған профессор, Ph D.
- Куликов Виталий Юрьевич — «Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.
- Рахимов Мурат Аманжолович — «Құрылыс материалдары және технологиялары» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.
- Квон Светлана Сергеевна — «Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.
- Зейтинова Шолпан Бекжигитовна — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ph D.

Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан аз:

- Маусымбаева Алия Думановна — «Геология және пайдалы қазба кен орындарын барлау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., Ph D.
- Рабатұлы Мұхаммедрахым — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ph D.
- Мусин Айбек Абдукалыкович — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ph D.
- Матаев Азамат Қалижанұлы — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ph D.

Сонымен қатар, университетіміздің қауымдастырылған профессоры, PhD Алтынай Амангелдіқызының дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия иегері атануы — жас ғалымдарымыздың да ғылым кеңістігінде лайықты орын алып келе жатқанын көрсетеді.

Алтынай Амангелдіқызы — «Геология және пайдалы қазба кен орындарын барлау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ph D.

Құрметті әріптестер, сіздерді жоғары марапаттарыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл — кәсібилік пен ғылымға адал қызметтің лайықты жемісі. Ғылыми ізденістеріңіз табысты болып, білім мен ғылым жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағалана берсін!

ҚарТУ инженерлік-құрылыс білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайтуда

Жұмыс сапары аясында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университітінің Сәулет-құрылыс факультетінің деканы Данияр Тоқанов Өскемен қаласындағы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Архитектура, құрылыс және энергетика мектебінің деканы, PhD докторы Айбек Акаевпен жұмыс кездесуін өткізді.

Кездесу барысында құрылыс саласындағы құзыреттер және технологиялар трансферті орталығының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты Ольга Руденкомен бірге оқу және ғылыми-зерттеу зертханаларына шолу жасалып, заманауи құрылыс зертханасын құру, жабдықтау және халықаралық аккредитациялау тәжірибесі, сондай-ақ құрылыс технологиялары мен материалдары саласындағы оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Сондай-ақ академиялық және ғылыми бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды. Атап айтқанда, оқытушылар мен білім алушылармен алмасу, білім беру бағдарламаларын бірлесіп іске асыру, ғылыми зерттеулер жүргізу, гранттық және шаруашылық келісімшарттар аясындағы жобаларға қатысу, сондай-ақ магистранттар мен докторанттардың диссертациялық жұмыстарын даярлау және қорғау мәселелері сөз болды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар инженерлік-құрылыс білім беру сапасын арттыруға және екі жоғары оқу орнының ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған бірлескен бастамаларды жүзеге асыруға және серіктестік байланыстарды одан әрі нығайтуға өзара мүдделілік танытты.

International Youth Convention 2026

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың «Көлік технологиялары және логистикалық жүйелер» кафедрасының меңгерушісі Нұрсұлтан Жаркенов International Youth Convention 2026 беделді халықаралық форумына қатысу үшін стипендия алды.

Желіге қосылу, тәжірибе алмасу және кәсіби дағдыларды дамыту үшін жас көшбасшылар, жаңашылдар мен студенттерді біріктіруге бағытталған нетворкингтік халықаралық іс-шара Баку қаласында (Әзірбайжан) 10–13 ақпан аралығында өтеді.

Sustainable Development League ұйымдастырған форум әлемнің түкпір-түкпірінен келген жас көшбасшылардың басын қосып, дипломатиялық сессияларға, стратегиялық симуляцияларға және көшбасшылық тренингтерге қатысуға, сондай-ақ жаһандық платформада жобаларды таныстыруға бірегей мүмкіндіктер береді.

Қазіргі уақытта Нұрсұлтан Жаркенов көшбасшылық және стратегиялық құзыреттерді дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру курстарынан өтуде. Іс-сапар шығындары ұйымдастырушылар тарапынан толық қаржыландырылады.

International Youth Convention-ға қатысу біздің университетті халықаралық аренада таныстыруға және алған білімдерін кафедра мен университеттің білім беру және зерттеу жобаларын одан әрі дамыту үшін қолдануға мүмкіндік береді.

Объединение усилий

«Между Карагандинским техническим университетом имени Абылкаса Сагинова и Экибастузским политехническим колледжем подписан договор о сотрудничестве». Документ направлен на укрепление преемственности между системой технического и профессионального образования и высшим образованием, а также на повышение качества подготовки квалифицированных кадров.

Соглашение подписали член Правления университета — проректор по академическим вопросам Бекболат Нусипбеков, директор Колледжа инновационных технологий Нурбиби Смагулова и директор Экибастузского политехнического колледжа Канат Коянбаев.

Основные направления сотрудничества

В целях реализации соглашения стороны определили следующие приоритетные направления взаимодействия:

- организация совместных мероприятий, направленных на реализацию образовательной деятельности и продвижение совместных проектов;
- обмен опытом и знаниями в сфере образовательной и профессиональной деятельности;
- развитие информационного взаимодействия и обмен данными;
- профессиональная подготовка, переподготовка и повышение квалификации кадров, организация стажировок;
- совместная работа по разработке и актуализации учебных планов;
- развитие партнерских связей в сфере подготовки кадров;
- проведение профориентационной работы;
- совершенствование учебной, методической, научно-педагогической и научно-производственной деятельности колледжей;
- эффективное использование материально-технических, кадровых, интеллектуальных и иных ресурсов колледжей в целях совершенствования подготовки квалифицированных специалистов в соответствии с требованиями международных стандартов;
- реализация иных направлений сотрудничества по взаимной договоренности сторон.

Заключенное соглашение позволит усилить преемственность между техническим и профессиональным образованием и системой высшего образования. Это, в свою очередь, будет способствовать согласованию образовательных программ, повышению качества подготовки специалистов, востребованных на рынке труда, а также успешной профессиональной адаптации выпускников.

Saginov Technical University продолжит системную работу по расширению партнерских связей, развитию качественного образования и научно-инновационной деятельности.

STU ғалымдары Қарағанды агломерациясының көлік жүйесін дамытудың 2030 жылға дейінгі жоспарын әзірледі

Қарағанды облысы әкімдігінде «Қарағанды агломерациясының көлік жүйесін мониторингілеу және 2030 жылға дейінгі көлік жүйесін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу» атты ғылыми-зерттеу жұмысына арналған дөңгелек үстел өтті. Зерттеу жұмысын Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ғалымдары Қарағанды облысы «Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік коммуналдық қызметі тапсырысы бойынша орындады.

Жергілікті атқарушы және қадағалау органдарының өкілдерінен шараға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыс әкімінің орынбасарлары, Қарағанды, Теміртау, Сарань, Шахтинск қалаларының әкімдері, Абай ауданының әкімі, облыс әкімдігінің аппаратының басшысы, облыстық басқармалар мен аумақтық департаменттер және көлік ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Университет тарапынан қатысқандар: Басқарма мүшесі — Ғылым және инновация жөніндегі проректор Али Мехтиев, профессор Оюм Балабаев, доцент Серік Акенов, доцент Валентин Михайлов.

Жобаның ғылыми жетекшісі, профессор Оюм Балабаев қатысушыларды ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерімен таныстырды. Баяндамада Қарағанды агломерациясының көлік жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасының жобасы және оның іске асыру жоспары, 50-ден астам іс-шараны қамтитын жоба ұсынылды. Ғылыми-зерттеу жұмысы аясында жасалды интеллект элементтері бар арнайы зерттеу құралдары әзірленгендігіне ерекше мән берілді.

Дөңгелек үстел қатысушылары жобаларға оң баға беріп, ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылған жобаларды іске асыруға қабылдауды ұсынды. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырып, олардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету үшін жұмыс тобы құруды тапсырды. Ұсынылған тұжырымдаманы және іс-шаралар жоспарын іске асыру Қарағанды агломерациясында көлік қолжетімділігін, қауіпсіздікті және логистикалық әлеуетті айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Бикамерализмнен монокамерализмге: әлемдік тәжірибе және Қазақстанның саяси жаңғыруы

Saginov Technical University-нің 2–3 курс студенттеріне арналған «Бикамерализмнен монокамерализмге: әлемдік тәжірибе және Қазақстанның саяси жаңғыруы» тақырыбында ашық дәріс өтті.

Дәрістің негізгі мақсаты — Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформаның мәнін сараптамалық тұрғыда түсіндіру, оны әлемдік тәжірибемен салыстыру және студенттерді ашық пікірталасқа тартып, тұтас әрі сыни көзқарасын қалыптастыру.

Іс-шара «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушылары тарапынан ұйымдастырылды. Дәрістің спикері — шақырылған сарапшы, PhD докторы, Е. А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ саясаттану және әлеуметтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры Айгүл Бейсенова.

Дәріс барысында Қазақстан Республикасындағы парламенттік және конституциялық реформалардың мәнін ашатын терең аналитикалық шолу ұсынылды. Спикер әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, екі палаталы парламенттен бір палаталы парламентке көшу үдерісін және оның елдің саяси жүйесі үшін маңызын жан-жақты түсіндірді.

Күрделі тақырыптың қолжетімді түрде баяндалуы мен мазмұнды презентация аудиторияның үлкен қызығушылығын тудырды. Дәріс нәтижесінде мазмұнды пікірталас өрбіп, студенттер тарапынан өзекті сұрақтар қойылып, тақырыпқа деген жоғары қызығушылық пен белсенділік байқалды.

Жаңа Конституция — 2026 референдумы: стратегия және қоғамдық диалог

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы «Жаңа Конституция — 2026 референдумы: стратегия және қоғамдық диалог» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Іс-шараның негізгі мақсаты — алдағы референдумды тікелей демократияның негізгі институты ретінде жан-жақты талқылау, сондай-ақ оның ұйымдастыру стратегиясын, азаматтарды конституциялық реформаларға қоғамдық диалогқа тарту механизмдерін зерттеу болды.

Кафедра меңгерушісі Динара Шорманбаева іс-шараны ашқаннан кейін модератор Евгения Ивлева референдум институтының қалыптасу тарихы туралы мазмұнды баяндама жасап, оны тақырыптық презентациямен толықтырды. Шақырылған негізгі спикер «Қоғамдық келісім» КММ «Ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу және әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің» басшысы Думан Малаев азаматтық қоғам институттарының қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі рөлі мен референдум рәсімдеріне егжей-тегжей тоқталды. Саяси ғылымдар маманы, Е. А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ оқытушысы Олжас Бұрханов референдум стратегиясын бұрынғы реформалармен салыстырып, кең қоғамдық диалогты жаңа Конституцияның заңдылығының басты кепілі деп атады. Іс-шараға қатысушылар құқықтық мәдениет мәселелері мен алдағы дауыс берудің маңыздылығы бойынша белсенді пікір алмасты.

ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ — 2025

Білімнен ғылымға

Өткен жылы «2025 жылғы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауында жеңімпаз болғандардың бірі біздің «Ә. Сағынов атындағы техникалық университеті» КеАҚ Ғылым және инновациялар департаментінің директоры Бахтияр Данияруұлы Сулеев.

Бахтияр жас шағында, Қарағандыдағы №39 орта мектепте (қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназия) оқып жүрген кезінің өзінде физика пәнін өте сүйіп оқыған екен. Осы пәнге деген құштарлық оны орта мектепті бітірген 2006 жылы Қарағанды политехникалық университетіне алып келіпті. ҰБТ-ны жақсы тапсырып, тиісті балын алған соң ол бірнеше мамандықтың ішінен жалпы инженерлік мамандығын қалайды. Ал политехте бірнеше инженерлік мамандық бар еді. Соның ішінде төрт мамандық тұр еді. Сол кезде Бахтияр көлік техникасы және технологиялық жүйелер мамандығын таңдап алады. Кейін өзінің мамандық таңдауда мүлт кетпегенін жақсы түсінді.

Инженер болуды, техникаға жақын болуды қалауының да өзіндік себебі бар еді. Өйткені ол техникаға ең жақын пән физика сабағы екенін жақсы түсінді. Осы пән бойынша талай олимпиадаларға қатысып, талай жүлделі орындарға ие болған сәттері де кездесті. Ұстаздарының көзіне ілігіп, оның болашақта физик болатыны да мәлімденді. Жалпы, табиғатта физикаға тәуелсіз, одан тысқары қалатын жағдай өте сирек болатынын жас өрен ерте аңғарған болатын.

Иә, Бахтияр университетте де жақсы оқыды, алдыңғы қатарлы студенттердің бірі болды. Сондай жақсы оқуының арқасында шәкіртақыдан қағылған сәттері болған емес. Озат оқумен қатар оқу орнының қоғамдық жұмыстарына да белсене араласты.

Университетті 2010 жылы көлік техникасы және технологиялық жүйелер мамандығы бойынша бітірген соң, өзі диплом алдындағы практикадан өткен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Автомобиль көлігі басқармасындағы өндірістік-техникалық бөліміне инженердің көмекшісі болып орналасып, өзінің армандаған мамандығына қолы жетті. Онда біраз жыл қызмет атқарған соң Қарағандының жоғары политехникалық колледжіне барып, автомобиль пәндері кафедрасына оқытушы болып тұрады. Мұнда 2019 жылға дейін еңбек етеді. Колледжде еңбек ете жүріп Қарағанды техникалық университетінде магистратураны, одан соң доктарантураны бітіріп алады. Оған қоса техникалық университетте сағаттық қызмет атқарып, сабақ береді. Одан соң біржолата осында кафедраға ауысып алыпты. 2020 жылы Комитеттің бұйрығымен философия докторы атағын береді. Енді бір жылдан соң осы Ғылым және инновациялар департаментіне директор етіп тағайындалады.

Бұл күнде өзі қандай жетістіктерге ие болса, соның барлығына алдынан өткен ұстаздарының еңбегі зор деп есептейді. Солардың ішінен «Жоғары математика» кафедрасындағы Ләззат Мұхамеджанқызы Мұстафинаны, «Теоретикалық механика» кафедрасындағы Лидия Хамитқызы Иманбаеваны, «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасындағы Райхан Мақұлқызы Алданазарованы, кезінде курс жетекшісі болған, осы кафедраның меңгерушісі Зураб Әбдуұлы Молдағалиевті, ғылыми жетекшісі Әділ Сұратұлы Қадыровты мақтан тұтады.

Бахтияр Данияруұлы еңбек еткен жылдары ішінде үш оқу құралын, 300 сағаттық бейнематериалдар шығарған болса, республикалық оқу кеңесінің ұсынысы бойынша бір оқулық жазған, үш сағатқа жетерлік бейне-дәрістер дайындаған. Бір студентінің ғылыми-зерттеу жұмыстары былтыр екінші орынға ие болса, тағы бір студенті республикалық олимпиадаға қатысып, екінші орынды олжалаған.

Міне, осы уақыт ішінде 7 магистрант және 1 докторант даярлап, олар алған тақырыптарын сәтті қорғап шықты. Жалпы, Бахтияр Данияруұлының қол жеткен жетістіктері аз емес. Соған орай ол ҒЖБМ министрінің өзінің және министрліктің Құрмет грамотасына, «Ғылым үздігі» Құрмет дипломына ие болды.

Міне, осындай биіктерге жеткен, биыл «2025 жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын жеңіп алған Бахтияр Данияруұлына алдағы қызметінде де жаңа қырларға көтеріле беруіне тілектестік білдіреміз.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дің Радиоэлектроника және телекоммуникациялық технологиялар кафедрасы базасында Ruijie желілік зертханасының салтанатты ашылу рәсімі өтті

Іс-шараға Басқарма мүшелері — цифрландыру жөніндегі проректор Азамат Амиров, әлеуметтік-тәрбие беру жұмысы жөніндегі проректор Абай Қалықов, Barlau Global Distribution ЖШС директоры Ксения Гаджиева, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ, ТТК, Cosmos Group компанияларының өкілдері мен РТТ кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы қатысты. Университет басшылығы РТТ кафедрасы базасында желілік зертхананың ашылуының маңыздылығын, сондай-ақ қолданылатын жабдықтардың оқу үдерісі мен өндірістік қызметтегі өзектілігін атап өтті.

Зертхананың ашылуы Barlau Global Distribution ЖШС компаниясының демеушілік қолдауының арқасында мүмкін болды. Компания заманауи телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алуға қолдау көрсетті. Бұл университеттің білім беру инфрақұрылымын дамытуға, студенттердің практикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Ruijie Networks — телекоммуникациялар саласындағы кешенді шешімдер мен желілік жабдықтарды өндіретін Қытайдың жетекші компанияларының бірі. Компания корпоративтік секторға, деректерді өңдеу орталықтарына және SMB сегментіне (Ruijie Reyee желісі) арналған заманауи коммутаторлар, маршрутизаторлар, Wi-Fi қолжетімділік нүктелері мен желілік қауіпсіздік жүйелерін ұсынады. Ruijie шешімдері тегін бұлтты басқаруды, мобильді қосымша арқылы қашықтан баптауды және өзін-өзі ұйымдастыратын желі технологияларын қамтиды.

ЛУЧШИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ВУЗА — 2025

«Я счастливый человек»

20 преподавателей вузов нашей области удостоились звания лучших в Республике. 13 из них — преподаватели КарТУ имени Абылкаса Сагинова. Строгая конкурсная комиссия руководствовалась определенными критериями, которые и определили имена победителей. Но, к сожалению, нередко сами преподаватели, не говоря уже о студентах, плохо знают друг друга. Многих связывает чисто деловое общение. Награды, звания, гранты, научные труды говорят за себя сами. Но работа — это только часть нашей жизни. Кроме нее, у каждого есть свои интересы, волнующие их проблемы и мечты.

Надеемся, блиц-интервью, которые мы решили начать с победителей Республиканского конкурса «Лучший преподаватель вуза — 2025», позволят хотя бы частично восполнить этот пробел, получить более полное представление о наших собеседниках.

Ольга Михайловна Жаркевич окончила Карагандинский государственный технический университет по специальности «Стандартизация и сертификация». Научно-педагогический стаж составляет 21 год, к.т.н., профессор кафедры «Технологического оборудования, машиностроения и стандартизации». На ее счету целый список научных работ, в том числе, 10 монографий, 30 учебных пособий, 5 патентов, 15 СИС, не считая публикаций в международных научных журналах. По итогам Республиканского конкурса она признана «Лучшим преподавателем вуза 2025 года».

— Ольга Михайловна, профессия преподавателя для Вас осознанный выбор или дело случая?

— В моем случае, простите за тавтологию, дело случая. Работавший в пору моего окончания вуза заведующим кафедры «Технологии машиностроения» КарГТУ Виктор Федорович Швоев предложил работу на кафедре «МЦМ» КГИУ. С этого все и началось. Теперь могу сказать, что это был счастливый случай, определивший всю мою дальнейшую судьбу.

— Что больше всего нравится Вам в Вашем деле?

— Творческое начало. Ведь одну и ту же лекцию я могу прочитать по-разному. Это касается и проводимых презентаций, и семинарских занятий. Не в моих правилах читать лекции с листа, наводя на студентов скуку. Хочется, чтобы каждое занятие вызывало у них интерес. А для этого следует подходить к их подготовке и проведению творчески.

— Что, по-Вашему, важнее в науке: гениальность или усидчивость?

— Гениальность, конечно, важна. Но в преподавательской деятельности важнее усидчивость и настойчивость. Тем более в наше быстро меняющееся время, когда приходится постоянно учиться чему-то новому и быть впереди тех, кого ты учишь. Талантливых и хороших педагогов у нас немало. А вот гениальные мне пока не встречались...

— Если бы Вы не стали ученым, кем бы вы сейчас работали?

— Наверное, аналитиком данных. Нынче эта профессия в тренде и мне она изначально нравилась. Касается ли это, скажем, продаж или социологии.

— Какой бы совет дали Вы новичкам, вступающим на путь преподавания и науки?

— Читать, смотреть и искать. Работая со студентами, магистрантами и докторантами вижу, что они мало читают. Очень многие не умеют искать и анализировать. А будущим специалистам просто необходимо уметь это делать.

— Нынешние студенты, на Ваш взгляд, лучше или хуже тех, что учились лет 10 назад?

— Думаю, лучше. Все-таки век цифровизации принес немало положительного в плане подготовленности к реалиям сегодняшней жизни. Нынешние студенты, скажем так, более продвинутые во всех отношениях...

— Есть ли у Вас хобби?

— Есть. Со школы увлекаюсь баскетболом. А в период учебы в университете, баскетбольная команда машиностроительного факультета, в составе которой я играла, все пять лет была победителем внутривузовских соревнований.

— Ваш идеал в юности и сегодня?

— Среди тех, кого я лично знала, назвала бы директора первого Темиртауского классического лицея Александра Егоровича Щепелева. Если же говорить о каких-то отвлеченных идеалах, но наиболее близких к нашей профессии, отметила бы Илона Маска. Человека, который сделал себя сам, благодаря своему таланту и предприимчивости.

— Какая ваша любимая историческая эпоха и почему?

— Времена Петра I. Потому что это время масштабных преобразований. Ведь именно Петр I прорубил «окно» в Европу, развернул дремучую Россию на путь прогресса и укрепления государства.

— Вы счастливый человек?

— Да, счастливый. У меня семья, любимая дочь, родители, любимая работа. Что еще нужно человеку для счастья?

— О чем мечтаете?

— Хочу создать научную школу в области ресурсосберегающих технологий в машиностроении. Для этого есть все необходимые условия.

— Желаем удачи в реализации всех намеченных планов!

Спасибо за беседу!

Беседовал Валерий Ким

ҚарТУ-дың «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасында заманауи Hikvision жабдықтарымен жабдықталған зертхананың салтанатты ашылуы өтті

Шараға Басқарма мүшелері — цифрландыру жөніндегі проректор Азамат Амиров, әлеуметтік-тәрбие ісі жөніндегі проректор Абай Қалықов, «Barlau Global Distribution» ЖШС директоры Ксения Гаджиева, киберқауіпсіздік және жасанды интеллект кафедрасының меңгерушісі Мурат Кожанов, жұмыс беруші компаниялардың өкілдері, кафедраның профессор-оқытушылар құрамы және университет студенттері қатысты.

«Barlau Global Distribution» ЖШС компаниясының демеушілік қолдауымен кафедраға заманауи жабдықтар жеткізілді және жаңа зертхана толықтай жабдықталды. Зертханада коммутаторлар, бейнебақылау жүйелері, интеллектуалды датчиктер, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған турникеттер, өрт және күзет дабыл жүйелері орнатылған, бұл студенттерге нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған нақты технологиялармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Жұмыс берушілер орнатылған жабдықтардың жоғары өзектілігін атап өтіп, оның оқу үдерісінде де, өндірістік салада да кеңінен қолданылатындығын ерекше атап өтті. Жаңа зертхана «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» және «Желілік қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының студенттері үшін негізгі практикалық алаңға айналады. Оның базасында дипломдық жұмыстарды орындау жоспарлануда, бұл студенттерге оқу кезеңінде нақты инженерлік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Университет басшылығы білім беру инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлесі, болашақ мамандарды даярлауды қолдауы және оқу үдерісіне заманауи технологияларды енгізуге көрсеткен қолдауы үшін «Barlau Global Distribution» ЖШС алғыс білдірді.

Увеличение срока службы металлических изделий

В Карагандинском техническом университете реальную интеграцию актуального образования, востребованных научных исследований, производства и коммерциализации наукоемкой продукции обеспечивает консорциум «Корпоративный Университет», уже более 12 лет успешно функционирующий на базе ВУЗа. Консорциум включает в своем составе 70 крупных предприятий и научных центров, в числе которых 8 системообразующих компаний национального горно-металлургического комплекса — ключевого сектора экономики Казахстана (АО «Qarmet», ТОО «Корпорация Казахмыс», ТОО «Шубарколь комир», АО «ССГПО» и другие).

Приоритетными задачами КарТУ как инновационно-предпринимательского университета являются выполняемые под руководством ректора, доктора экономических наук, профессора Сагинтаевой С. С. фундаментальное многоуровневое образование, научные исследования, трансфер знаний и технологий в производство, а также активное участие в программах и проектах экономического, социокультурного и инновационно-технологического развития своего региона. Университет не только готовит конкурентоспособные инженерные кадры для инновационной экономики, но и сам принимает непосредственное участие в различных этапах создания и внедрения в практику инноваций в рамках мощного образовательного и научно-производственного кластера в своем регионе.

Одним из примеров внедренных в практику наукоемких технологий, разработанных группой ученых университета, является выполнения Программы BR24993020 «Разработка и внедрение технологии изготовления сложнолегированных сталей с гомогенной структурой за счет синергии воздействий на расплав» (научный руководитель — проф. Исагулов А. З.).

Одной из ведущих секторов экономики нашей страны является горно-металлургическая отрасль. Значительная часть оборудования, используемого в горно-металлургической отрасли, работает в крайне агрессивных условиях (износ, высокие температуры, коррозионное воздействие и пр.).

В связи с этим большая часть оборудования изготавливается из сложнолегированных сталей, что определяет высокую стоимость. При этом продолжительность эксплуатации оборудования обычно составляет, в среднем, не более двух лет, после чего происходит замена или ремонт. Это, в свою очередь, приводит к простоям, снижению производительности и т.д.

В связи с этим для повышения надежности и сроков эксплуатации оборудования требуется использование материалов с повышенными эксплуатационными свойствами. При этом возможности увеличения механических свойств и долговечности сложнолегированных сталей за счет использования новых легирующих элементов и/или термической обработки практически исчерпаны.

Применение новых легирующих элементов в таких сталях фактически приводит к разработке новых сплавов с последующей отработкой технологических режимов выплавки, изготовления отливок, финишной обработки деталей и т.д. В таком случае требуются материальные и временные вложения в разработку новой технологии и внедрении ее на производстве.

Данная программа предлагает подойти к решению создания деталей из сложнолегированных сталей с повышенными эксплуатационными свойствами с использованием принципиально нового подхода, обеспечивающего минимальные затраты для улучшения механических свойств и долговечности эксплуатации деталей из таких сталей.

В основе идеи лежит использование одновременного внутреннего (инокуляторы, нанопорошки модификаторов) и внешнего (магнитная обработка, механические колебания) воздействия на расплав в период первичной кристаллизации уже существующих марок сталей.

Такое воздействие приведет к формированию гомогенной бездефектной структуры, что позволит обеспечить новый уровень эксплуатационных свойств. В структуре будет изменена морфология зерен, повысится гомогенность, будет исключена химическая ликвация, снизится содержание неметаллических включений, будут созданы условия для образования новых упрочняющих высокодисперсных фаз.

Предлагаемая технология воздействия на расплав заключается в использовании нанопорошков модификаторов и инокуляторов различной природы и последующей обработке расплава механическими колебаниями (вибрацией) и магнитным полем.

В качестве наномодификаторов предлагается использовать наноразмерные тугоплавкие порошки карбидов и оксидов некоторых металлов, а в качест-

Выплавка нового сплава

Определение твердости опытного сплава

«Инженер 4.0 в горнодобывающей отрасли: глобальные стандарты, компетенции, искусственный интеллект»

В Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова состоялось расширенное заседание Учебно-методического объединения — Группы управления проектами (УМО-ГУП) Республиканского учебно-методического совета Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в области образования «Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли», «Услуги».

Расширенное заседание УМО-ГУП стало важной экспертной площадкой для выработки согласованных подходов к подготовке инженеров нового поколения, способных эффективно отвечать на вызовы современной горнодобывающей и геолого-геофизической отраслей Республики Казахстан.

С приветственным словом к участникам обратился Бекболат Нусупбеков — Член Правления — Проректор по академическим вопросам НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова», председатель УМО-ГУП, кандидат технических наук, профессор.

В ходе заседания были рассмотрены практические и стратегические аспекты подготовки кадров — совершенствование подготовки кадров для горных предприятий на основе реализации международных образовательных проектов, академической мобильности и совместных программ с зарубежными партнерами, разработка новых форматов взаимодействия геофизических компаний и вузов, необходимость учета современных требований геолого-геофизической отрасли к выпускникам, включая владение цифровыми инструментами, аналитическое мышление и культуру промышленной безопасности.

В заседании приняли участие представители академического сообщества — представители Казахского национального исследовательского технического университета имени К. И. Сатпаева, Кызылординского университета им. Коркыт Ата, Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова, Карагандинского индустриального университета, Вильнюсского государственного технического университета, Ташкентского государственного технического университета имени Ислама Каримова и др. Кроме того, с докладами выступили представители индустрии, в том числе руководители и эксперты АО «Азимут Геология», ТОО «ЦентрГеолСъемка», АО «Шубаркольмир», АО «КазПромГеофизика», ТОО «Орда Group» и др.

ве инокуляторов — техногенные отходы металлургического производства. Модификаторы будут способствовать измельчению структуры за счет увеличения скорости образования центров кристаллизации, а инокуляторы позволят регулировать скорость и равномерность процесса кристаллизации.

Принципиальное отличие предлагаемой идеи заключается в синергии воздействия на формирование структуры слитка при одновременном применении внутреннего (введение инокуляторов и наномодификаторов) и внешнего (магнитное поле, механическая вибрация) воздействия на расплав в период затвердевания.

Разработанная технология не приведет к значительному усложнению технологического процесса и не потребует больших инвестиций для приобретения основных средств (за исключением установки для создания магнитного поля). При этом в некоторых случаях можно будет исключить или упростить термическую обработку деталей.

В результате разработки технологии обеспечено повышение основных показателей качества сталей, таких как величина ударной вязкости, предел прочности на растяжение и сжатие, износостойкость, чистота структуры. Увеличение этих показателей достигает 30–40 %.

Следует отметить, что внедрение разработанной технологии не приведет к значительному повышению себестоимости продукции, т. к. для предлагаемого комплексного воздействия на сплав необходимо небольшое количество (до 1 %) модификаторов, а начальные инвестиции на закуп дополнительного оборудования компенсируются повышением качества готовой продукции и увеличением сроков эксплуатации деталей.

Уникальностью работы творческого коллектива ученых КарТУ является ее комплексность: от «начальной точки» — создание новых жаропрочных сплавов — до «конечной точки» — производство готовой продукции на основе разработанных сплавов и технологий. При этом необходимо отметить, что разработанные технологии на 70–80 % основаны на сырье казахстанского содержания.

Разработки ученых Карагандинского технического университета получили положительные отзывы авторитетных зарубежных исследователей, экспертов и специалистов производства, отмечены высокими наукометрическими показателями и имеют коммерческую привлекательность.

А. З. ИСАГУЛОВ,
Н. Б. АЙТБАЕВ

Қазақ тілі пәнінен аймақтық олимпиада

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің базасында, кәсіби бағдар беру мақсатында, жыл сайын Қарағанды облысының қала, аудан, ауыл мектептерінің 11 сынып оқушылары арасында қазақ тілі пәні бойынша пәндік олимпиада ұйымдастырылып тұрады.

Пәндік олимпиаданың негізгі мақсаты — қазақ тілі бойынша дарынды оқушыларды анықтау және тілдік қабілеттерін дамыту, сондай-ақ, білім алушылардың ғылыми білімге деген қызығушылықтарын арттыру, университеттің ғылыми әлеуетімен таныстыру.

Жақында қазақ тілі пәні бойынша өткізілген олимпиада негізінен екі турдан тұрды.

Бірінші тур қаңтар айының 26–28 аралығында онлайн форматта өткізілді. Бірінші турға облыстың түрлі мектептерінен қырыққа жуық оқушылардың өтінімі мен шығармашылық жұмыстары қабылданды. Бірінші турдың нәтижесі бойынша, екінші кезеңге олимпиадаға қатысушы дарынды балалардың жартысының жұмысы жіберілді. Байқаудың келесі кезеңі университет қабырғасында өткізілді.

Бұл байқауға облысымыздың мектеп, лицей, гимназияларынан келген қазақ, орыс сыныптарының оқушылары белсене қатысты. Олимпиаданың талабы бойынша, байқауға қатысушылар алғашқыда тест жұмыстарын орындаса, соңынан түрлі лексикалық тақырыптар бойынша ауызша білім деңгейлерін көрсетіп бақ сынасты.

Байқаудың соңында олимпиаданы ұйымдастырушылар мен әділқазылардың шешімімен «Қазақ тілі» пәнінен аймақтық олимпиаданың қорытындысы шығарылды.

Әділқазылар алқасы қазақ тілді және орыс тілді білім алушылар арасында төмендегідей жүлделі орындарды үлестірді.

Қазақ сыныптары арасында жүлделі орындарды келесі оқушылар иемденді.

1-орын — Бахытжан қызы Айша;
1-орын — Жагслагқызы Айсұлу;
2-орын — Серік Аружан Төлегенқызы;
2-орын — Жетписбай Мадина Азаматқызы;
2-орын — Искакова Саяра Жандосовна;
2-орын — Төлеубекқызы Қарақат;
3-орын — Әбдірахман Ұлжан Нұржанқызы;
3-орын — Махкамбай Аружан Эрланқызы;
3-орын — Рыспек Ақерке Қуанышбекқызы.

Орыс сыныптары арасында жүлделі орындарды келесі оқушылар иемденді.

1-орын — Тыныбаев Аслан Арманович;
2-орын — Серік Айханым Берікқызы;
2-орын — Салахова Элина;
3-орын — Абдалимова Диляфруз Фарходқызы;
3-орын — Бурлако Кристина Витальевна.

Интернет-олимпиаданың тапсырмаларын әзірлеген кафедра оқытушылары: Байпелова Г. С., Конурова Н. А.

Қазылар алқасының құрамы: ф.ғ.к., доцент Қ. С. Қалыбекова, аға оқытушылар Байпелова Г. С., Нұржанова Қ. Қ., Конурова Н. А., Оспанғалиева М. Т.

Алдағы уақыттарда да осындай мектеп оқушыларына арналған кәсіптік бағдар беру мақсатындағы жұмыстар жалғасын табатынына сенімдіміз.

Байпелова Г. С., Нығметова Н. Т.

Saginov Technical University-де методикалық воркшоп өтті

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасы «Тарихи емес мамандықтарға «Қазақстан тарихын» оқыту: академиялық тәсілдер мен авторлық әдістеме» тақырыбында методикалық воркшоп ұйымдастырды.

Шараға «Болашақ» академиясы, Қарағанды медициналық университеті, Қарағанды Қазтұтынуодағы университеттерінің тарихи емес мамандық оқытушылары және қала мектептерінің тарих пәні мұғалімдері қатысты. Воркшоптың модераторы — тарих ғылымдарының кандидаты, кафедра меңгерушісі және доцент Зауре Картова. Спикер ретінде белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры, профессор-зерттеуші Зәуреш Сақтағанова сөз сөйледі.

Іс-шара барысында қатысушыларға академиялық курс логикасы, студенттердің мамандығына бейімдеу мүмкіндіктері және авторлық методиканың элементтері таныстырылды. Воркшоп соңында кафедра оқытушылары өңірлік ЖОО-ларда қолдануға арналған тәжірибелік материалдарды әзірлеу және ғылыми-әдістемелік ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныстарымен бөлісті.

Saginov Technical University — Абай қаласында

Кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында STU өкілдері Абай қаласының мектеп оқушыларымен кездесу өткізіп, талапкерлерге университет туралы толық әрі жан-жақты ақпарат ұсынды. Сондай-ақ білім беру бағдарламалары, оқу форматы, гранттар мен қабылдау талаптары кеңінен түсіндірілді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы төмендегі білім беру ұйымдарында жүргізілді:

- «Қасым Аманжолов атындағы ЖББМ» КММ.
- «Қаныш Сәтбаев атындағы қосымша білім беру мектеп-орталығы» КММ.
- «Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясы» КММ.
- «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ.
- «Нұркен Әбдіров атындағы Тірек мектебі (ресурстық орталығы)» КММ.
- «Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-лицейі» КММ.

Жалпы 190-нан аса оқушымен кездесу өтті. Олар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алып, болашақ мамандық таңдауға қажетті ақпарат алды.

Кездесуге университет тарапынан Маркетинг және кәсіптік бағдар беру жұмысы бөлімінің жетекшісі Жанболат Ибрайбеков, «Механика» кафедрасының оқытушысы Гүлбану Рахымбаева, Маркетинг және кәсіптік бағдар беру жұмысы бөлімінің әдіскері Дильназ Бекмолла қатысты.

Saginov Technical University-де Қазақстан Республикасы Жобалық менеджерлер одағының сарапшы-кеңесшісімен кездесу өтті

12 ақпан күні Saginov Technical University-де Қазақстан Республикасы Жобалық менеджерлер одағының сарапшы-кеңесшісі, PMI PMBOK стандарты бойынша жобаларды басқарудың базалық сертификаттау курсының оқытушысы (IPMA C, MBA сертификаттарының иегері), сондай-ақ «Алем университеті» оқу орнында VBA бағдарламалары бойынша дәріс беретін Юрий Тютиковпен кездесу өтті.

Кездесу университеттің белгілі серіктестерінің бірі — «KZ TRANSIT» компаниясының және Teleport 3D стартапының негізін қалаушы Данил Ращупкиннің бастамасымен ұйымдастырылды.

Қонақтарды Басқарма мүшесі — Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Али Мехтиев, Инновациялық технологиялар факультетінің деканы Алексей Калинин, «Энергетикалық жүйелер» кафедрасының меңгерушісі Елена Нешина, коммерцияландыру офисінің экономисі Иван Субботин қарсы алды.

Юрий Тютиков таныстыру сапарының мақсаты туралы айтып, жобалардың табысты жүзеге асырылуы кадрлардың кәсіби даярлығына, олардың құзыреттілігіне — білім, білік, дағдысы мен практикалық тәжірибесіне тікелей байланысты екенін атап өтті. Сонымен қатар, ол жобаларды басқарудың бастамадан бастап аяқталуына дейінгі барлық негізгі кезеңдерін қамтитын құрылымдалған тәсілді ұсынатын PMI PMBOK әдіснамасы туралы кеңінен баяндады. Оқыту нәтижесінде берілетін сертификаттар әлемнің 160-тан астам елінде мойындалады.

Кездесу барысында өңірдегі құс фабрикасының қалдықтарын тиімді пайдалану және биотехнология бағытында жобалар әзірлеу мәселелері де талқыланды.

Өз кезегінде Али Мехтиев қонақты университеттің бірлескен, өзара тиімді жобаларды жүзеге асыруға арналған мүмкіндіктерімен таныстырып, ынтымақтастық туралы меморандум жобасын әзірлеуді ұсынды. Аталған құжат университет басшылығының қатысуымен талқыланатын болады.

Кездесу соңында қонаққа университет бойынша таныстыру экскурсиясы ұйымдастырылды.

Предметная олимпиада для учащихся 11-х классов

В рамках профориентационной работы с абитуриентами университет систематически организует традиционные образовательные мероприятия для школьников. Одним из таких мероприятий является предметная олимпиада для учеников 11-х классов. Это важная составляющая профориентационной деятельности вуза.

Недавно прошедшая олимпиада была организована по следующим предметам: математика, физика, информатика, химия, биология, казахский язык и история Казахстана. В интеллектуальном соревновании приняли участие 439 учащихся, из которых 163 прошли во второй этап.

Главная цель образовательного состязания — не только определить уровень предметных знаний школьников, но и помочь им с выбором будущей профессии. По итогам олимпиады призёрам предусмотрены скидки на оплату обучения при поступлении на платное отделение университета. В частности, обладателям I места предоставляется скидка 15 %, II места — 10 %, III места — 5 %.

В дальнейшем университет намерен продолжать укреплять сотрудничество со школьниками и реализовывать мероприятия в рамках профориентационной работы.

Казахстанский институт сварки при Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова объявляет о приеме слушателей на 2026 год по международным программам International Institute of Welding (IIW) по следующим квалификациям:

- **IWE** — Международный инженер по сварке.
- **IWT** — Международный технолог по сварке.
- **IWS** — Международный специалист по сварке.

По завершении обучения выпускникам выдается международный диплом IIW, официально признаваемый в 50 странах мира.

Сроки обучения:

Весенний семестр (1–2 модули): 01.04–16.05.2026 г.

Осенний семестр (3–4 модули): 05.10–20.11.2026 г.

Требования к поступающим:

Курс IWE

Высшее инженерное образование (по направлениям: сварка, металлургия, машиностроение, строительство) и стаж работы на инженерной должности не менее 3 лет.

Курс IWT

Техническое образование (колледж/техникум или высшее техническое образование) и стаж работы в должности технолога не менее 3 лет.

Курс IWS

Среднее специальное техническое образование и опыт работы в области сварки или обработки металлов не менее 2 лет.

Необходимые документы:

1. Заполненная и подписанная форма заявления (KWAC/FD 009).
2. Резюме.
3. Копия удостоверения личности.
4. Копия диплома.
5. Копия приложения к диплому.
6. Справка с места работы (копия трудовой книжки).
7. Подписанная форма KWB/FD 001.

Срок приема документов:

До **27 марта 2026 года** включительно.

Документы необходимо направить в электронном формате на следующие адреса электронной почты:

info@kazweld.kz

igor_svar@mail.ru

Контактная информация:

Телефон: +7 701 341 31 34

Адрес: 100012, г. Караганда, пр. Н. Назарбаева, 56, КарТУ, Институт сварки

Академиялық адалдық — ғылымның этикалық негізі

3 ақпанда Saginov Technical University-нің ғылым және инновация жөніндегі проректоры А. Д. Мехтиевтің қатысуымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен бірлесіп академиялық адалдық мәселелері бойынша семинар-кеңес өтті.

Іс-шара барысында білімнің сенімділігін қамтамасыз ету мәселелері мен әрбір зерттеушінің үлесін әділ мойындау тақырыптары қаралды.

Сондай-ақ, проректор ғылыми зерттеулерде адалдыққа қойылатын негізгі талаптарды атап өтті: деректердің дәйектілігі, авторлық құқықтың дұрыстығы, ақпарат көздерінің ашықтығы және жариялау этикасының сақталуы.

Сонымен қатар, университетте зерттеушілік этикаға қатысты нормативтік база бар және ықтимал бұзушылықтар бойынша өтініштерді қарастыратын ғылыми зерттеулердің этикалық бағалау комиссиясының жұмысы реттелген.

Талқылау қорытындысы бойынша алдағы кезеңге басым бағыттар айқындалды: профилактикалық шараларды дамыту, докторанттар мен ғылыми жетекшілердің жауапты зерттеу жүргізу бойынша құзыреттерін арттыру, сондай-ақ авторлық үлесті ашық көрсету және зерттеу деректерін басқару тәжірибесін күшейту.

ӘЛЕМДЕ ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ БАР

Мұнай қайдан пайда болады: ең құнды және маңызды қазбаның шығу тарихы

Қазір бәрі мұнай баррелімен өлшенеді, валюта бағамы ғана емес, сонымен қатар азық-түлік бағасы да оның құнына байланысты. Сонымен, мұнай қалай пайда болды?

Қара алтынның шығуы және пайда болуы туралы көптеген теориялар бар. Физиктер мен химиктер арасында ең танымал түрі — биогендік (органикалық) синтез теориясы. Яғни, ол бойынша мұнай жануарлардың тіршілік әрекетінен пайда болған деп болжанады.

Одан да оңайы — кез келген жүретін, тыныс алатын, жүзетін немесе ұшатын жан-жануардың барлығы мұнайдың пайда болуына «үлес қосқан».

Мұнай сапропель затынан немесе су объектілерінің түбінде пайда болатын және жиналатын лай тұнбаның ерекше түрінен жаралған деп саналады. Мұндай лайдың құрамы: жануарлардың, өсімдіктердің және микроорганизмдердің қалдықтары, сондай-ақ олардың тіршілік әрекетінің нәтижесі. Басқаша айтқанда — олардан шыққан қалдықтар.

Біздің планетамыз үнемі дамып келеді және сапропель заты бар учаскелер жердің ішіне кіріп кетеді, онда ол жоғары температура мен қысымның әсерінен... мұнайға айналады.

Екінші теория — бейорганикалық. Оны ұлы орыс ғалымы Менделеев ұсынды.

Оның айтуынша, ешбір жануардың мұнайдың пайда болуына ешқандай қатысы жоқ. Ол планетаның терең жер қойнауында планета дүниеге келген кезде пайда болды.

Яғни, мұнай әрдайым Жермен бірге пайда болған (шамамен 4,5 миллиард жыл), ол өте терең сақталады және тек тектоникалық ақаулар мен жарықтардың салдарынан ғана адамзатқа қол жетімді болады.

Балама нұсқалары да бар. Олардың кейбіреулері өте даулы.

Мұнай туралы қызықты деректер:

- мұнай әрдайым қара реңкте бола бермейді, сондықтан кейде изумруд жасыл мұнай сұйықтығы пайда болады немесе оның мүлдем түссіз түрі де кездеседі.
- «мұнай» сөзі ассириялықтардан тараған және «атқыланған, күшпен шығарылған» дегенді білдіреді.
- планетадағы алғашқы мұнай ұңғымасы біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда Қытайда бұрғыланған және олар бұл сұйықтықты «тау майы» деп атаған.

Подвиг, который не забыт

13 февраля в преддверии 37-й годовщины со дня вывода войск из Демократической Республики Афганистан в актовом зале Военной кафедры НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова» состоялась встреча студентов и преподавателей с ветеранами Афганской войны.

На военной кафедре Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова прошло торжественное мероприятие, посвящённое 37-годовщине со Дня вывода войск из Афганистана. В этот памятный день руководство кафедры и студенты чествовали ветеранов интернационалистов. Среди них старший преподаватель военной кафедры Лузин Николай Викторович, старший преподаватель кафедры АПП Эм Генадий Аркадьевич, сотрудник службы внутренней безопасности Тынымбаев Айрат Иранович. Особые слова благодарности были адресованы тем, кто сегодня продолжает трудиться на кафедре, передавая свой боевой и жизненный опыт молодому поколению.

Ветераны поделились воспоминаниями о службе и подчеркнули важность сохранения исторической памяти. Студенты выразили признательность за мужество, стойкость и верность воинскому долгу.

Заместитель начальника военной кафедры по воспитательной и идеологической работе, подполковник Е. Кушербаев

Перспективы подготовки конкурентоспособных специалистов

Saginov Technical University состоялась встреча с руководителем ТОО «Строй Бизнес Консалтинг». В ней приняли участие декан Архитектурно-строительного факультета Данияр Токанов, заведующий кафедрой «Строительных материалов и технологий» Едил Иманов и заведующий кафедрой «Архитектуры и дизайна» Бейбит Ахметов. Директор ТОО «Строй Бизнес Консалтинг» Евгений Хен высказался за дальнейшее развитие и упрочение взаимовыгодных связей с университетом. И предложил сразу перейти к обсуждению конкретных действий со стороны факультета и предприятия.

В результате состоялся плодотворный и предметный разговор, в ходе которого были рассмотрен целый ряд вопросов:

- приглашение специалистов компании для проведения мастер-классов и передачи реального производственного опыта;
- усиление связки «теория + практика» через внедрение реальных кейсов в учебный процесс;
- организация совместных конкурсов для выявления и поддержки талантливых студентов;
- возможности получения второго высшего образования и поступления в магистратуру для сотрудников компании;
- участие в совместных грантовых и научных проектах.

Подобные встречи — это не просто диалог, а конкретные шаги по дальнейшему совершенствованию подготовки конкурентоспособных специалистов, Специалистов, которые будут уверенно чувствовать себя на производстве с первых же шагов практической деятельности.

Стороны единодушно высказались за системное сотрудничество образования и бизнеса.

ҚарТУ республикалық Vipusknik.kz — 2026 көрмесіне қатысты

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Өскемен және Семей қалаларында өткен республикалық Vipusknik.kz — 2026 білім көрмесіне қатысты.

Көрмеге 9–11 сынып оқушылары қатысты. Қонақтар университеттің білім бағдарламалары, сұранысқа ие инженерлік бағыттар, оқуға түсу талаптары және студенттік өмірмен танысты. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің өкілдері болашақ талапкерлер мен олардың ата-аналарының сұрақтарына жауап беріп, гранттар, академиялық мобильдік, тағылымдама және еңбек нарығындағы мүмкіндіктер туралы ақпарат берді.

Көрмеге қатысу оқушыларға мамандық таңдауына көмектесіп, ал университетке өзінің мүмкіндіктерін республикалық деңгейде таныстыруға мүмкіндік берді.

Қарағанды техникалық университеті білім беру және экологиялық мақсаттар үшін шағын биогаз қондырғысын енгізуде

Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ базасында шағын биогаз қондырғысын таныстыруға және оны білім беру мен ғылыми ортада одан әрі пайдалану мәселелерін талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға Германия мен Қазақстан өкілдері, Қарағанды облысы әкімдігі мен профильді мемлекеттік органдары, университет және сарапшылар қауымдастығы қатысты.

Жоба Орталық Азияның тұрақты даму қоғамдық қоры «Creative Innovation Institute» тарапынан іске асырылуда.

Қор Орталық Азиядағы герман экономикасы өкілдігі (DEInternational Kasachstan) өткізген ашық конкурстық іріктеудің жеңімпазы атанып, университет алаңына орналастыру үшін Германияда өндірілген nOa One M шағын биогаз қондырғысын алды. Қор сарапшығы Александра Харитонова жобаны және қондырғыны пайдалану моделіне арналған баяндаманы жиналғандарға ұсынды. Аталған жоба жоғары білім беру жүйесінде тұрақты дамудың практикалық бағытталған моделін қалыптастыруға бағытталған. Қондырғы инженерлік, экологиялық және ESG пәндері аясында демонстрациялық оқу объекті ретінде қолданылады, сондай-ақ цифрлық білім беру құралдарымен және авторлық PLATON 5D әдістемесімен біріктіріліп, университет базасында циркулярлық экономика технологияларын тәжірибе арқылы меңгертуге арналған «тірі зертхана» форматындағы алаң құруға мүмкіндік береді.

Биогаз қондырғысы жылына 7 тоннаға дейін органикалық қалдықтарды өңдеуге, тәулігіне 2 м^3-ке дейін биогаз өндіруге және жыл сайын 18 тонна CO_2-эквивалентке дейін шығарындыларды қысқартуға мүмкіндік береді. Алынатын дигестат университет кампусы мен оқу нысандарын көгалдандыруға пайдаланылып, қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтуға және химиялық тыңайтқыштарды алмастыруға ықпал етеді.

— *Жобаны іске асыру университетте практикалық бағыттағы ғылым мен инновацияларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Ол оқыту, зерттеу жұмыстары мен заманауи тұрақты даму технологияларын көрсетуге мүмкіндік береді,* — деді ҚарТУ-дың ғылым және инновация жөніндегі проректоры Али Мехтиев. — *Бұл қондырғы студенттер мен жас ғалымдар үшін тиімді оқу-тәжірибелік алаң болып, оларда «жасыл» экономика саласындағы болашаққа қажетті дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастырады.*

Экологиялық жоба Қазақстан Республикасы Президенті жуырда өткен Ұлттық құрылтайда белгілеген басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылуда. Ол қоршаған ортаны қорғау шешімдерін дамытуға және климаттық мәселелер аясында білім берудің рөлін күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық саясаты мен БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сай, тұрақты технологияларды білім беру жүйесі мен өңірлік инфрақұрылымға енгізуге үлес қосады.

Можно ли бесконечно перерабатывать бумагу в бумагу?

Сортировка и переработка мусора становится все более актуальной в современном мире. Пластик, металл, стекло, бумага — все эти материалы можно использовать повторно, что позволяет сохранять окружающую среду и экономить на производстве. Металлические и стеклянные изделия перерабатывают бесконечно, но можно ли сказать то же самое о бумаге?

ИНТЕРЕСНОЕ ВОКРУГ НАС

Как производят бумагу? Бумага — волокнистый материал с различными минеральными добавками. Ее изготавливают из растительных материалов, у которых волокна имеют достаточную длину. При дальнейшем смешивании с водой они превращаются в единую массу — пластичную и однородную.

Сырьем для бумаги выступает целлюлоза из древесной массы и однолетних растений (соломы, риса и др.), полуцеллюлоза, тряпичная полумасса, вторичное волокно (макулатура) и текстильные волокна. Технология изготовления бумаги может меняться в зависимости от вида готового продукта и его использования.

Согласно некоторым исследованиям, примерно каждое 5-е дерево подлежит вырубке с целью изготовления бумаги. Поэтому специалисты рекомендуют переходить на использование только вторичного сырья.

Главным вопросом остается количество повторных переработок одной и той же бумаги. Этот процесс ничем не отличается от производства материала из первичного сырья за исключением дополнительных этапов, например, удаления из смеси ненужных красителей.

Однако с каждой новой процедурой переработки происходит уменьшение длины целлюлозных волокон (примерно на 10 %), и обратить этот процесс невозможно. Они становятся не только короче, но и жестче. У бумаги высокого качества с хорошей плотностью волокна максимально длинные. Спустя несколько циклов переработки, полученный материал можно использовать разве что в качестве оберточного, либо газетного. Но этот процесс не может быть бесконечным, так как в итоге из слишком коротких целлюлозных волокон не получится сформировать лист требуемого качества.

Таким образом, получается, что один бумажный лист можно переработать от 4 до 7 раз.

КАРЬЕРА START

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті дәстүрлі «Карьера Start» бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізді. Шараға университеттің 3–4–5 курс студенттері, жалпы 1 500-ден астам адам қатысты.

Ашылу салтанатында университеттің аппарат басшысы Аристотель Исагулов сөз сөйлеп, оқу орны Орталық Қазақстандағы техникалық білімнің көшбасшысы болып табылатынын және сұранысқа ие мамандар даярлайтынын айтып, студенттерге сәттілік тіледі. Қарағанды облысының Еңбек мобильділігі орталығының басшысы Нұржан Сыздықов іс-шара техникалық мамандарға қажет кәсіпорындар мен мекемелерді біріктіргенін атап өтті.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жастардың болашақта жұмыс табу мүмкіндіктерін кеңейтуге және жұмыс берушілермен тікелей диалог орнатуға бағытталған. Өңірдің 90-ға жуық жетекші компаниясы, сондай-ақ ұлттық және халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелер өз бос жұмыс орындарын ұсынып, қатысушыларға қажетті ақпарат беріп, тағылымдамалық бағдарламалар және мансаптық мүмкіндіктермен таныстырды.

Шараға Тау-кен, Сәулет-құрылыс, Металлургия және машина жасау, Энергетика, автоматтандыру және телекоммуникациялар, Көлік, логистика және инженерлік экономика факультеттерінің студенттері қатысты. Жастар сұранысқа ие жұмыс орындары туралы ақпарат алып, шарттарын талқылап, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

«Карьера Start» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі оқу орны мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтып, түлектерді жұмыспен қамтуға ықпал ететін маңызды алаң болып табылады.

ҰБТ-ға дайындық

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті мектеп бітіруші түлектерді ЖОО ұсынатын дайындық курстарына шақырады.



Дайындық бағдарламасына ҰБТ пәндері кіреді, атап айтқанда: физика, информатика, Қазақстан тарихы, химия, биология. Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Дайындық курстары ақылы негізде жүзеге асырылады — айына бір пән үшін 10 000 теңге. Кем дегенде бір пән, сабақтар аптасына 2 рет өткізіледі.

Сабақтарды тәжірибелі, жоғары білікті оқытушылар жүргізеді, бұл ҰБТ-ға сапалы дайындалуға мүмкіндік береді.

Толық ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56/1, 1-оқу корпусы, 210-бөлме.

Анықтама телефондары: 56–78–38, 8–702–986–69–06.

Подготовка к ЕНТ

Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова приглашает выпускников школ на подготовительные курсы, функционирующие при вузе.



В программу подготовки входят предметы ЕНТ, а именно: физика, информатика, история Казахстана, химия, биология. Обучение осуществляется на государственном и русском языках.

Работа подготовительных курсов осуществляется на платной основе — 10 000 тенге в месяц за один предмет. Минимальное количество предметов — 1, занятия проводятся 2 раза в неделю.

Занятия ведут опытные, высококвалифицированные преподаватели, обеспечивающие качественную подготовку к сдаче ЕНТ.

Более подробную информацию можно получить по адресу: г. Караганда, пр. Н.Назарбаева, 56/1, 1-й корпус, каб. 210.

Телефоны для справок: 56–78–38, 8–702–986–69–06.

«За политехнические знания»
№2(1648) 28 ақпан 2026 ж.
Меншік иесі және құрылтайшысы: ӨМК Қарағанды техникалық университеті
Редакцияның мекен-жайы: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, бас корпусының 403 каб. Тел.: +7 701 394 81 18, 56-24-10 (қос. – 1079).
Эл. пошта: gazeta.kstu@mail.ru. Газетті www.kstu.kz сайтынан оқуға болады.

БАҚ есепке қою туралы куәлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде № 4253-Г 08.10.2003 ж. берілген.
Айына 1 рет жарық көреді. Таралымы: 350 дана.
Газеттің басылған орны: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, 4 корпус. ҚарТУ баспасы.
Редактор: А. Александров
Фото: Д. Иманалиев, О. Битнер.

Тарату аймағы: Қарағанды техникалық университеті.
Материалдарды қайта басу кезінде газетке сілтеме жасалуы шарт.
Редакция пікірі мақала авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция мүмкіндігінше авторлық стильді және жарияланымның емлесін сақтайды. Редакция ұсынылған авторлық материалдарды себебін түсіндірусіз қабыл алмауға құқылы. Қолжазбаларға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.